

Мониторинг және тауар нарықтарының дамуын басқару тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 қазан N 1323. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қажетті ақпараттар алу мен тауар нарықтарының дамуын басқару мәселелерінде министрліктер мен ведомстволардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мониторинг пен тауар нарықтарының дамуын басқару тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, мемлекеттік акционерлік компаниялары Мониторинг және тауар нарықтарының дамуын басқару тәртібіне сәйкес мониторинг және тауар нарықтарының дамуын басқару жүйесін құру мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі әлемдік тауар нарықтарының мониторингіне Елшіліктердің қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі Қазақстанда тауар нарықтарының конъюнктурасы жөнінде мамандандырылған шаруашылық есептегі ұйымдарды құрудың мақсатқа сәйкестігі туралы дәлелді ұсыныс енгізсін.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 қазандағы
N 1323 қаулысымен
Бекітілген

Мониторинг және тауар нарықтарының дамуын басқару ТӘРТІБІ

1. Жалпы ережелер мен түсініктер

1. Осы Тәртіп мониторинг жүргізу және тауар нарықтарының дамуын басқару жөніндегі жұмыс мазмұнын айқындайды.

2. Тауар нарығы дегеніміз - саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, әлеуметтік және басқа да факторлардың кең ауқымын қамтитын тауарларды өндіруге және өткізуге ықпал ететін тауар-ақша қатынастарының жүйесі. Тауар нарығы: тұтынушылық және өнеркәсіптік болып бөлінеді.

3. Тауар нарықтарының мониторингі дегеніміз - елдегі және шетелдердегі өнеркәсіптік және тұтынушылық тауар нарықтары туралы мәліметтерді жүйелі түрде жинау және талдау.

4. Тауар нарықтарының мониторингі тиімді экономикалық саясат жасау мен тауар нарықтарының дамуын басқару үшін қажетті ақпарат алу мақсатында жүзеге асырылады.

5. Тауар нарықтарын басқару дегеніміз - мақсатты бағдарламалар, салықтар, кедендік тарифтер, тарифтері емес шаралар, жәрдемақылар, несиелер, кепілдіктер, ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етулер арқылы валюталық-қаржылық, құрылымдық-инвестициялық, бағалық, монополияға қарсы, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, аймақтық және өнеркәсіптік саясат арқылы іске асырылатын тауар нарықтарының дамуын мемлекеттік реттеу.

2. Тауар нарықтарының мониторинг жүйесі

6. Аса маңызды тауар нарықтарының мониторинг жүйесіне өндірістік дамуын, сұраным мен ұсынысты, экспорт пен импортты, экспорттаушы және импорттаушы елдерде бағаның қалыптасуы мен бағалар деңгейін салыстыруды, сату мен сатып алу шарттарын, ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсеке қабілеттігін, кедендік қорғаудың пәрменділігі деңгейін, халықаралық сауда саясаты мен мемлекеттік реттеу шараларын, жетекші өндіруші және экспорттаушы елдердің өндіріске жәрдем беруі мен тауарлардың экспортын қоса алғанда, осы нарықтарда қалыптасқан экономикалық жағдайларды байқау мен зерттеу кешені жатады.

7. Мониторинг Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 153 өкімімен бекітілген аса маңызды тауар нарықтарының тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

Экономикалық жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Экономмині Ұлттық статистика агенттігімен және мүдделі министрліктермен, ведомстволармен келісе отырып, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

8. Тауар нарықтарының мониторингі әлемдік және ішкі нарықтар мониторингінен тұрады.

9. Әлемдік тауар нарықтарының мониторингі: өндірістің дамуын, экспортты, импортты, қорларды, бағаларды қоса алғанда,

аса маңызды халықаралық тауар нарықтары жөнінде ақпараттар жинау мен з е р т т е у д і ;

белгілі бір тауар нарығы жөнінде және тұтас алғанда даму бағыты мен болжамына талдау жасауды ;

дамыған елдердің нарықтық жағдайын зерттеуді ;

өндіруші, экспорттаушы және импорттаушы жетекші елдердің тауар нарықтарына қатысты мемлекеттік саясатын зерттеуді ;

тауар өндірушілерді қорғау жөніндегі шараларды, өндіргіш күштерін орналастыруда мемлекеттің араласуы деңгейін зерделеуді ;

әлемдік тауар өндірушілері үшін мүмкіндіктер туралы қорытындылар дайындауды қамтиды .

10. Әлемдік тауар нарықтарының мониторингін Өнеркәсіпсаудамині, Сыртқыісмині, Экономмині әзірлеген және бекіткен Әдістемелікке сәйкес, осы Ереженің 9-тармағында белгіленген тізбе бойынша мәліметтерді ұдайы әзірлеуді жүзеге асырады және оларды Экономминіне тапсыруды қамтамасыз етеді.

Экономмині әлемдік тауар нарықтарының мониторингі үшін қажетті ақпараттар алудың қосымша арналарын қамтамасыз ету мақсатында оларды халықаралық ақпараттық ұйымдармен бірге тапсыру туралы келісім жасайды, осы жұмысқа Сауда-өнеркәсіп палатасын, тауар биржаларын тартады.

11. Ішкі тауар нарықтарының мониторингіне:

Қазақстандағы өндіріс, экспорт, импорт, өнімдердің аса маңызды түрлерінің қорлары мен тұтыну туралы ақпараттар жинау ;

белгілі бір тауар нарығы жөнінде және тұтас алғанда даму бағыты мен болжамына талдау жасау ;

тауар нарықтарының сыйымдылығына, бағаны түзеу мен ішкі және сыртқы нарықтарда отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігіне талдау жасау ;

дамудың болашағы, инвестициялар туралы мәліметтер ;

тауар қозғалысының арналарын зерделеу ;

тауар нарықтарының жұмыс істеуінің экономикалық жағдайларын, ішкі заңдық, үкіметтік және ведомстволық нормативтік актілерін, кедендік қорғаудың пәрменділігі деңгейін зерттеу жатады.

12. Аса маңызды ішкі тауар нарықтарының мониторингін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 17 қыркүйектегі N 440 өкімімен бекітілген Аса маңызды өнімдер түрлері нарықтарының жағдайы туралы талдау материалдарын дайындау жөніндегі әдістемелік ұсыныстарына сәйкес, Экономмині, Ұлттық статистика агенттігі, Бағамеммонсаясатком, салалық министрліктер мен ведомстволар тауар өндіруші кәсіпорындармен бірлесе отырып жүзеге асырады.

13. Республиканың мемлекеттік органдары жүзеге асыратын әлемдік және

ішкі тауар нарықтары мониторингінің ақпараты негізінен қызмет бабында қолданылады, бірақ қажет болған жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы, сондай-ақ мүдделі тұлғалар мен ұйымдарға коммерциялық негізде берілуі мүмкін.

3. Тауар нарықтарының дамуын басқару

14. Тауар нарықтарының дамуын басқару ішкі нарықта тауарларды еркін өткізуді қамтамасыз ету, шаруашылық жүргізуші субъектілер мен еліміз халқының оларға деген төлем қабілетінің сұранымын неғұрлым толық қанағаттандыру, отандық тауар өндіруді дамыту және әлемдік тауар нарықтарында еркін сатуды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

15. Осы аталған мақсаттарға сүйеніп, Қазақстан Республикасының атқарушы органдары төмендегі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді немесе ықпал жасайды:

жоғары тиімді, ішкі және әлемдік нарықтарда бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастырады;

ұлттық тауарлық нарықтарды ішкі нарықтардың келеңсіз ықпалынан, арамза бәсекелестіктен қорғайды;

экономиканы монополиясыздандырады және Қазақстанның нарықтарында бәсекелестікті дамытады, тауар нарықтарында шаруашылық жүргізуші субъектілердің үстемдік жағдайын теріс пайдаланудан сақтандырады және болдырмайды, монополиялық құрылымдар құруға немесе сақтауға қарсы іс-қимыл жасайды;

өндірушілер мен экспорттаушылардың баға саясатын үйлестіреді; ішкі тауар нарықтарының дамуында әкімшілік-аймақтық кедергілерді жояды;

әлеуметтік және экономикалық маңызы бар тауар өндірудің басымдылығын анықтайды және ынталандырады;

елдің экономикалық қауіпсіздігін, азық-түліктік және энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

отандық өнімдердің әлемдік тауар нарықтарына өтуін және жеткізілуін тиімділікпен реттеп отырады.

16. Тауар нарықтарының дамуын, ішкі нарықты қорғауды мемлекеттік басқару экономикалық реттеулер жүйесі мен әкімшілік шаралар арқылы жүзеге асырылады, оған:

мемлекеттік мақсатты бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыру;

тауар нарықтарының дамуына болжау жасау;

басым және әлеуметтік маңызы бар өндірістерді дамыту үшін

орталықтандырылған инвестицияларды бағыттау және сыртқы заемдарды тарту;
отандық тауар өндірудің дамуын ынталандыру және оның жеделдетілген
амортизация, жеңілдетілген салық салу мен басымдылықпен несие беру арқылы
экспорттық әлеуетін көтеру;

сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;
тауарларды импорттауға қатысты тергеулер жүргізу және қорғау шараларын
енгізу;

техникалық, фармакологиялық, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық
және экологиялық стандарттар мен талаптар, әкелінетін тауарлар сапасын
бақылау;

ішкі сауда ақпараты жүйесін және ақпараттық-консультациялық қызметтерді
құру арқылы республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерін ақпараттық
қамтамасыз ету;

экспорттық несиелердің кепілдігі мен сақтандыру жүйесінің жұмыс жасауын
қамтамасыз ету;

тауарларды экспорттауды дамыту жөнінде жарнама шаралары мен
нарықтарын жүргізу жатады.

17. Қазақстанның тауар нарықтарының дамуын басқару республикалық және
аймақтық мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады, оларға төмендегі
міндеттер:

іс-қимылды үйлестіру және бақылау, мемлекеттік саясатты іске асыру,
нарықта заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау;

шетелдік технологияларды, ноу-хауды, инвестицияларды тарту арқылы
бәсекеге қабілетті өндірісті дамытуға ықпал жасау;

осы Тәртіптің 2-бөліміндегі 6-15-тармақтарына сәйкес тауар нарықтары
бойынша ақпараттар жинау мен тарату;

экспорттың тиімді жүйесін арттыру мен қалыптастыру;

елдің өндірушілері мен экспорттаушыларының әлемдік нарықтағы
мүдделерін қорғау;

қолда бар экономикалық жағдайларға зерттеу жүргізу, тауар нарықтарын
дамытуды басқару, Қазақстанның және оның шаруашылық жүргізуші
субъектілерінің экономикалық мүдделерін қорғау жөнінде халықаралық
сауданың экономикалық саясатын жасау және Үкіметке ұсыныстар әзірлеу,
экспорттық ахуалды, экспорттық инфрақұрылымдарды, экспортты рәсімдеуді
ықшамдау мәселелері бойынша Үкіметке ұсыныстар дайындау және
консультация беру;

ұлттық экспорттық дамудың бағдарламалары мен жоспарларын жасау және
олардың орындалуын қамтамасыз ету;

тауарлардың қозғалысы жөнінде халықаралық, аймақтық және ұлттық

ұйымдармен тұрақты байланыстарды жолға қою;
өндіруші-экспорттаушылардың тәуелсіз, мемлекеттік емес, коммерциялық емес бірлестіктерін қалыптастыру және дамытуға ықпал жасау;
шаруашылық жүргізуші субъектілерге жаңа өнімнің маркетингі, жаңа нарықтарға шығуы, әлемдік және ішкі нарықтарға баға беру бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілерге консалтингтік және трейдингтік қызмет көрсетулерді беру жөнінде құрылымдар ұйымдастыру;
сауда жәрмеңкелеріне, көрмелерге, сауда делегацияларымен кездесулерге экспорттаушылардың қатысуын ұйымдастыру және тарту;
экспорт пен импортқа бақылау жасау, арамза бәсекелестікті, саудадағы заңсыздықты болдырмау және сыртқы саудада қорғау шараларын дайындау;
шет елдерде сауда шаруаларын (сауда өкілдіктерін, сауда үйлерін, сауда агенттерін, салалық офистерді, агенттіктерді, көрме залдарын) қолданудың таралым жүйесін құру;
халықаралық тауарлық ұйымдарға және шикізат тауарлары бойынша зерттеу топтарына қатысу жүктеледі.

18. Отандық тауар нарықтарын дамытудың индикаторлары ретінде:
өндірістің, экспорт пен импорттың дамуы;
сату мен сатып алу көлемі және құрылымының дамуы мен өнімдерді сатып алу;
өнімдерді өндіру бірлігіне кеткен шығындардың көлемі мен құрылымының дамуы;
ішкі және әлемдік бағалардың, олардың ара қатынасының дамуы;
нақты тауардың тұтынушылық қасиетінің артуы пайдаланылады.

Аталған көрсеткіштер тауар нарықтарының дамуына баға беру мен болжамдар жасау үшін, оларға мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың тиімділігіне талдау жасауға пайдаланылады.

4. Мониторингті және тауар нарықтарының дамуын басқаруды қамтамасыз етудегі министрліктер мен ведомстволардың өзара іс-қимылы

19. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мониторингті, оның методологиялық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру жөніндегі үйлестіруші орган болып табылады.

20. Экономмині мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісім әзірлеуді ішкі және әлемдік тауар нарықтарының мониторингі бойынша Әдістемелік ұсыныстар бекітуді қамтамасыз етеді.

21. Республиканың министрліктері мен ведомстволары Экономмині белгілеген мерзімде ішкі және әлемдік тауар нарықтарының мониторингіне

енгізілген ақпараттарды жинауды, оған талдау жасауды, олардың мемлекеттік басқарылуы мен реттелуін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді Экономминіне мониторингтің материалдары мен ұсыныстарын беруді қамтамасыз етеді.

22. Экономмині нақты тауарлық нарықтар бойынша берілген талдау жазбалары мен даму болжамын жинақтап қорытады, оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға, облыстар мен қалалардың әкімдеріне жолдайды, бұқаралық баспасөзде ж а р и я л а й д ы .

23. Тауар нарықтары мониторингінің неғұрлым өзекті материалдары мен экономикалық саясатқа түзетулер енгізу, экономикалық реттеулер жүйесін өзгерту мен толықтыру және тауарлық нарықтарға әкімшілік ықпал жасау шаралары жөніндегі тиісті ұсыныстар тоқсан сайын Экономмині әзірлейтін елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары баяндамасына және осы мәселе жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасына енгізіледі.

24. Экономмині қажет болған жағдайда мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, ғылыми ұйымдар мен кәсіпорындардың білікті мамандары ішінен нақты тауар нарықтары бойынша жұмыс топтарын құрады.

25. Мониторингті ұйымдастыру және тауар нарықтарының дамуын басқару жөніндегі жұмыс тобы тоқсан сайын министрліктер мен ведомстволар дайындаған мәліметтерді, баға берулерді қарайды, олардың тиімділігін арттыру және жетілдіру жөніндегі шараларды жасайды және қабылдайды.